



БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры

Б.Абдикерова Б.Абдикерова

«15» 03 2022 ж.

Балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің музыкалық-теориялық пәндер педагогтерінің кәсіби шеберлігінің қашықтан өтетін III облыстық «Асыл мұра» байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің музыкалық-теориялық пәндер педагогтерінің кәсіби шеберлігінің III облыстық «Асыл мұра» байқауының мақсаттары мен міндеттерін, байқауды өткізу, жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы: «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК.

1.3. **Байқаудың мақсаты:** балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының музыкалық-теориялық пәндер педагогтерінің шығармашылық әлеуетін қолдау, педагогтің оң имиджін қалыптастыру.

1.4. Байқаудың міндеттері:

- балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің музыкалық-теориялық пәндер педагогтерінің қызметін ынталандыру және кәсіби шеберлігін арттыру;
- балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің музыкалық-теориялық пәндер педагогтері арасында тәжірибе алмасу.

1.5. Байқауға музыка мектептері мен өнер мектептерінің музыкалық-теориялық пәндер бойынша дипломы бар педагогтері (жасына қарай шектеулер жоқ) **музыка әдебиеті, қазақ музыка әдебиеті пәндері бойынша** қатысады.

2. Байқауды ұйымдастыру және өткізу

2.1. Балалар өнер мектептері мен балалар музыка мектептерінің музыкалық-теориялық пәндер педагогтерінің кәсіби шеберлігінің «Асыл мұра» байқауы **2022 жылдың 28, 29 наурызы күндері** қашықтан өтеді. Байқау қорытындысы **2022 жылдың 31 наурызында** ББД ОӘО YouTube арнасына трансляциялау арқылы ZOOM конференциясы форматында **онлайн** режимінде жүргізіледі.

2.2. Қашықтан өтетін «Асыл мұра» III облыстық кәсіби шеберлік байқауына қатысу үшін **2022 жылдың 24 наурызына дейін shabytkrg2020@mail.ru** электронды поштасына өтінім мен байқау материалдарын жіберу қажет (1-қосымша).

2.3. Бейнематериалдарды **YouTube арнасына** орналастырып, ұйымдастыру комитетіне сілтемесін ұсыну қажет.

2.4. Байқауға қатысуға аудандық/қалалық білім бөлімі басшысының қолы қойылған өтінімдер ғана (берілген үлгі бойынша) қабылданады.

2.5. Қосымша ақпаратты келесі телефон нөмірлері бойынша ала аласыздар:

Б.Абдикерова

8701 356 26 11, 8 747 773 77 61.

2.6. Заңды авторлық құқықты бұза отырып орындалған және байқаудың электрондық поштасына жіберілмеген материалдар қаралмайды. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды және авторларға рецензиялар берілмейді.

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын бағдарламалық талаптар

3.1. Қашықтан өтетін байқау екі кезеңнен тұрады:

- Бірінші кезең - эссе (2-қосымша): байқауға қатысушылар ұсынылған тақырыптардың біріне 250-300 сөзден тұратын эссе жазуы тиіс: **«Бақытжан Байқадамов - Қазақстанның музыкалық өміріндегі жарқын құбылыс», «Заманауи қазақстандық композиторлардың шығармашылығы»** (Арман Жайым, Таскын Жармухамет, Алькуат Казакбаев, Санжар Байтереков, Адил Бестыбаев, Марат Сутюшев, Серикжан Абдинуров, Алиби Абдинуров қатысушылардың таңдауына), **«Жылдар бойғы серіктестік – Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжіне 70 жыл!»**. Жұмыстар плагиатқа тексеріліп, мәтіннің кем дегенде 60% бірегей болғанда байқауға жіберілетін болады.

- Екінші кезең – жоба жұмысы: қатысушы келесі ұсынылған тақырыптардың біріне жоба ұсынады: **«Еркеғали Рахмадиевтің музыка әлемі», «Ғазиза Жұбанова. Қазақстанның алғашқы әйел-композиторы», «А.Скрябиннің музыкалық мұрасы», «И. Стравинскийдің өмірі мен шығармашылық жолы»**. Бейнематериал (бейнесабак, сабақ презентациясы) ұзақтығы 10 минуттан аспауы қажет.

3.2 Бейнематериалда келесілер болуы тиіс:

- Байқауға қатысушының Т.А.Ә.;
- Білім беру ұйымының атауы;
- Таңдалған тақырып (ұсынылғандардан);
- Тақырыпты таңдау себебін негіздеу, оның өзектілігі;
- Таңдалған тақырыптың мәні балаларды музыкаға үйрету;
- Тәрбиелік мән.

3.3 Байқаудың қазылар алқасы ең жарқын және қызықты жұмыстарды анықтайды, олардың авторлары жұмыстарын 2022 жылдың 31 наурызында қорытындылау кезінде таныстыруы керек.

3.4. Байқауды өткізу шарттары:

- байқауға қатысушылардың жұмыстарын қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды;
- ұйымдастыру комитеті қатысушыны байқаудың ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны және ұйымдастыру комитетіне, қазылар алқасы мүшелеріне және басқа да байқауға қатысушыларға қатысты әдепке сай емес мінез-құлықтары үшін шеттетуге құқылы;
- қашықтан өтетін байқаудың қорытындысы 2022 жылдың 5 сәуірінен кешіктірілмей ҚО ББД ОӘО umckrg.gov.kz сайтында жарияланады.
- байқаудың қорытындылары нақты болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

4. Қорытынды шығару және марапаттау.

4.1. Қашықтан өтетін байқауды Қарағанды облысының музыкалық-теориялық пәндер бойынша жетекші оқытушыларын құрайтын кәсіби қазылар алқасы бағалайды.

4.2. Байқаудың қазылар алқасы I, II, III дәрежелі лауреаттарды анықтайды.

1-қосымша

Байқауға қатысуға өтінім нысаны

1. Қатысушының Т.А.Ә. (толық)
2. Білім беру ұйымы (толық)
3. Лауазымы
4. Қатысушының ұялы телефоны және электронды мекенжайы

Білім бөлімінің басшысы

(қолы)

Т.А.Ә.

Күні және мөр

2-қосымша

Эссе – автордың жеке қобалжуын, оның қандай да бір сұраққа көзқарасын көрсетеді. Ол нақты сұраққа толық жауап бермейді, бірақ дербес пікірін немесе әсерін көрсетеді.

Эссенің құрылымы:

1. Кіріспе бөлімде мәселенің тұжырымдамасы және оның мәні, риторикалық сұрақ, дәйексөз және т. б. болуы мүмкін. Оқырманды қарастырылып отырған мәселеге бағыттау және ерекше эмоционалды көңіл-күй қалыптастыру аса маңызды.
2. Негізгі бөлім - қарастырылып отырған мәселе бойынша әртүрлі көзқарастарды келтіруге, мәселенің тарихын қозғауға болады. Әдетте негізгі бөлім бірнеше ішкі тармақтардан тұрады, олардың әрқайсысы үш бөлімнен тұрады: тезис (дәлелденетін пікір), негіздеме (тезисті дәлелдеу үшін қолданылатын аргументтер), қорытынды (басты сұраққа ішінара жауап).
3. Қорытынды - негізгі бөлімде ұсынылған әр тезис бойынша жасалған барлық қорытындыларды біріктіреді. Оқырман келтірілген дәлелдер негізінде логикалық қорытындыға келуі керек. Қорытындылай келе, мәселе қайтадан келтіріліп, соңғы қорытынды жасалады.